

**Ақкөл ауданы мәслихатының 2013 жылғы 21 тамыздағы № С 23-3 "Ақкөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 мамырдағы № С 4-1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 21 маусымда № 5426 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 6 сәуірдегі № С 20-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 06.04.2018 № С 20-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақкөл ауданы мәслихатының "Ақкөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 тамыздағы № С 23-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3805 тіркелген, 2013 жылғы 20 қыркүйекте аудандық "Ақкөл өмірі" және "Знамя Родины КЗ" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

Ақкөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларындағы:

2 тармақтың 8) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"8) уәкілетті ұйым – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы

бойынша филиалы - "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы"  
департаменті;";

21 тармақ – алып тасталынсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл аудандық мәслихат  
сессиясының төрайымы*

*А.Мананбаева*

*Ақкөл аудандық  
мәслихаты хатшысының м.а.*

*А.Мананбаева*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Ақкөл ауданының әкімі*

*Т.Қ. Едігенов*

27 мамыр 2016 жыл